

Облыстық С.Жиенбаев атындағы жасөспірімдер кітапханасы



Электронды пошта: labrari@mail.ru

Сайт: www.aktobeoub.kz

Телефондары: 50-44-48; 53-01-10.


Бейбішілік даңғылы, 17.

НАЗРУЛ ИСЛАМ



1899 жылы туған

ҰЛЫ АҚЫНДАР ҚІТАПХАСЫ



Назрул Ислам

ӨЛЕНДЕР

Аударған Саги Жиенбаев

«ЖАЗУШЫ» БАСПАСЫ,
АЛМАТЫ — 1972

*Балалар мен жастар әдебиетінің
Бас редакциясы*

7—6—3
262—72

АЛҒЫСӨЗ

Кеше ғана азаттық алған Бангладеш халық республикасының аса көрнекті ақыны, жалынды күрескер — Назрул Ислам есімі әлем жүртшылығына аян. Оның төрт қабырғаны ғана күзетіп, төсек тартып жатқанына қырық жылдан асып барады. Жастайынан көрген жоқшылық, корлық пек азап, куғын мен түрмे — ақынды осындай халге жеткізген. Бірақ, қырық жылдан бері Назрул үнді естілмесе де, Назрул жыры үнді аспанынан түскен емес...

Жиyrmasынышы жылдардың бас кезінде Назрул Исламның «Қаһарман» деген өлеңі жарияланады. Бұл кез үнді халқының ағылшын отаршыларының қысымына, зорлығына шыдамай әбден ашынып алған, ашық айқасқа шыға бастаған кезі еді. «Қаһарманды» газет-журналдар іле-шала көшіріп басады.

«Күллі әлемді күл қылатын жалыным,
Мен мұхиттың буырканған шағымын...
Кайғылы елдің касіретті әнімін,
Жоктау айткан жесірлердің зарымын...
Мен — топанмын, тұтқылдан жетемін,
Мен бәрін де тас-талқан ғыл өтемін...
Мен бәрінді күзетем,
Талқандаймын,
Түзетем!

Тазартамын тәнің менен жаңынды,
Тазартамын аспаның мен жерінді!»

Бұл өлеңді үнді жастары бірден көтеріп әкетеді. Көшелер мен аландарда, ереуілдер мен жиындарда «Қаһарманың» жалынды сөздері естіліп жатады. Ол азаттық аңсаған елдің айбынды ұранына айналады.

Назрұл Ислам 1899 жылы 24 майда Асансол қаласында мұсылман кедейдің семьясында дүниеге келеді. Жастайынан жоқшылық көрген ол жалданып, әртурлі жұмыс істейді. Бірінші дүниежүзілік соғыс басталғанда, туған-туысын асырау үшін тіленіп әскерге кетеді. Сонда жүріп жазған өлең-әнгімелерін газет-журналдарға жіберіп тұрады.

Соғыс бітісімен елге оралған Назрұл революциялық жұмыска белсене кірісп қетеді. «Бұл кезде,—дейді ақынның бір досы,— Назрұл — ақын сиякты емес, революциялық қозғалыстың басшысы сиякты көрінетін. Оның үшкін атқан жанары, толқынданған бүйіра шашы, мейірімді жүзі адамға керемет әсер стетін. Күмбірлеген қоңыр даусымен ол өлең өкілеңда, құлшынып жүрген жастардың тәбе қүйқасын шымырлатып, еліне деген маҳаббат сезімін оятып, канын қыздыратын еді».

Данышпан Тагордың өзі Назрұлдың тамаша талантын, оның аскак мінезін ерекше ұнатқан. Оған «Кектем» деген драмасын ариаған.

Назрұл Ислам өзінің аз ғана творчестволық өмірінде ғаламат көп жұмыс істеген. Жиырмадан аса өлеңдер кітaby, ондаған пьесалары, романдары жарық көрген. Осының әрқайсысын шығару оған соншалық азаңка түскен. Жергілікті өкімет орындары әр кітaby шықкан сайын куғынға ұшыратып, штраф төлетіп, үйін конфискелеп, турмеге салып отырған. Бірак мұның өшқайсысы Назрұлды жасыта алмаған, қайта өршіте түскен. Оның

азаттыққа, куреске үндеген жырлары ел ішіне одан сайын тарай берген.

Назрул Исламның бүкіл творчествосы еркіндікті үндеуге, өмірді суюге, адамды қадірлеуге арналған. Ол дауылпаздығымен қатар нәзік лирик болған. Оның махаббат жайындағы қызулы жырлары бойынды ерітіп, жанынды елжіретеді.

Туған жұрты аузынан тастамайтын, қазіргі шығыстың әйгілі ақындарының бірі — Назрул Исламның таңдаулы өлеңдерін қазак оқушыларына ұсынып отырмыз.



ҚАҢАРМАН

Айт, қаңарман,

Айт, Адам —

Дүниені шайқаган!

Айт —

Сен биіксің асқар ала таулардан.

Айт —

Сен жарыксың алтын алау таңдардан.

Айт —

Бүкіл әлем аяғының астында,
Айқара ашып Аспанды —
Шомылдыр ак тасқынға!
Калтырасын тактар да,
Кұдайлардың зәресі үшсін,
Өзің келе жатқанда.
Мандайынан жарқыраған Күн көріп,
Әулиелер тұрсын саған күл болып.

Айт, қаһарман,
Айт, Адам —
Дүниені шайқаған!

Мен — жабайы, жапан кезген тарымын,
Мен — тасқынмын, тажалымын бәрінің.
Мен — үреймің, дүниенің сорымын.
Мен — бомбымын, зеңбіректің оғымын.
Мен ескіше күр былшылдал жатпаймын,
Ескілерді табаныма таптаймын.
Бұғаудагы күлдарымды босатам,
Шыңраудагы ку жанымды босатам.
Мен — Шивамын¹,
қара дауыл-күйікпін!

¹ Шива — кұдай.

Мен — дәуірдің өзі тұған бүлікпін!
Айт, қаһарман,
Айт, Адам —
Дүниені шайқаган!

Мен — боранмын, бір-ақ түнде басатын,
Мен — бір әнмін, көкіректі ашатын.
Мен — азаттық, қуаныштың күйімін,
Мен — ғажап бір мұнсыз өмір биімін.
Күса болған көңілдің бір әнімін,
Найзағайдың жарқ еткен бір шағымын.
Кос жанаардың түйіскен бір кезімін,
Шалқыл жүрген рахаттың өзімін.
Кас жауыммен жер құшқаша алысам,
Ажалаңмен ойнап жүріп табысам.
Жер кылсам да, не кылсам да әділмін,
Мен — мәңгілік даулап тұрган жалынмын.

• Айт, қаһарман,
Айт, Адам —
Дүниені шайқаган!

Мен — бүлікші, ешнәрседең таймаған,
Тірлік үшін басымды да байлагам.
Мен білмеймін қорқыныштың не екенін,

Мен — алаумын, лапылдаумен өтемін.
Паналайтын лашығымын адамның,
Кабірімін тылсым-түнек ғаламның.
Ұзак түннің ең акыры шағымын,
Индраниң¹ тәнір-косқан жарымын.
Көзім күндей,
Жүзім айдай,
Бір қолымда — кернейім,
Бір қолымда — сырнайым,
Мен Шивамын,
 ұу толтырган үртyna,
Мен — Гангымын, таудан акқан бұлқына.

Айт, қаһарман,
Айт, Адам —
Дүниені шайқаған!

Мен — падишах, алтын-зерге малынған,
Мен — бәдәуи, тек өзіне табынған.
Мен — солының шәкіртімін арбайтын,
Мен — кернеймін, бар даусымен сарнайтын.
Мен — жаңырық, тәңіріме жар салам,
Мен — жасылмын, кара дауыл аңсаған.

¹ Индра — көк иесі.

Мен — күлкімін, қуаныштың селімін,
Әлемді өртер азызактың лебімін.
Мен тасқының жынын қағам тілесем,
Тірлігіңмен көз жұмғаша тіресем.
Үілімін самалдың,
Гүілімін мұхиттың.

Сынарым — бойымдағы жалыным,
Толқындардың әппак-әппак жалымын.
Кара бұлт бол келем кейде түйіліп,
Тұңғиыққа тартып алаң үйіріп.

Мен—жаңа өрген бұрымынын жас қыздың,
Жүрегінің дірілімін жас қыздың.
Кайғылы елдің касіретті әнімін,
Жоқтау айткан жесірлердің зарымын.
Мен — жапанда жалғыз жүрген перімін,
Мен — қан жұтқан көкіректің шерімін.
Мен — тәгілген қара көздің жасымын,
Мен — жігітпін, жаңа тапқан ғашығын.
Мен — жас қыздың арманымын табысқан,
Кейлекімін денесіне жабысқан.
Солтүстіктен соккан желдің демімін,
Октустіктен соккан желдің демімін.

Мен — шілденің шакырайған күнімін,
Сарнап жүрген қаңғыбастың бірімін.
Куаныштан өзімді өзім таныман,
Сәл танысам,— касіреттен жарылам!

Шырқау шыңмын,
Шыңраумын,
Бейшарамын, ұлымын,
Мен — адамның желбіреген туымын.
Бір қолымда — кара жер,
Бір қолымда — ак аспан,
Тұлпарым бар атқан оқпен таласқан.

Құллі әлемді күл қылатын жалынмын,
Мен — мұхиттың буырқанған шағымын.
Дүниедегі дау-дамайдың басымын,
Дауыл қуған кара бұлттың жасымын.
Мен — наизагай,
Мен — дозактың өртімін,
Мен сілкінсем калдырмаймын жер түгін.
Мен — құдаймын, мен жүйрікпін қиялдан,
Жұлдызга да қол созамын қиянан!

Мен — сырнаймын,
Мен Синдының толқынындай тынбаймын.

Көк аспанды көкірегіме жамылып,
Үйқылы-ояу жатам үнсіз жабылып.
Мен — сырнаймын,
Кришнаның саусағында жырлаймын.
Аспанға үшам, көкті өзіме қаратам,
Бар ғаламға күрес жырын таратам.
От-жанаарым түссе менің жарқырап,
Жеті қабат жер де тұрар қалтырап!

Мен — топанмын, тұтқылдан жетемін,
Мен — әлемді тас-талқан ғыл өтемін.
Мен — Дургамын¹, қатігезбін, каталмын.
Күннен туғам, күнмен бірге батармын.
Мен — аспанда ағып жүрген жұлдызынын,
Мен аспанда жанып жүрген жұлдызынын,
Мен — пәндемін, дозаққа өзі баратын,
Айбалтамын, бір-ақ рет шабатын!
Мен — осынау мәңгібаки жердеймін,
Картаймаймын, сембеймін.
Мен — жердеймін,
Мен — өлмеймін,
Мен — адаммын,

¹ Дурга — Шиваның әйелі.

Мен — перімін, тәцірмін,
Шындық үшін кидым отын жанымның.
Не істесен де ерік берем бәріне,
Кешірмеймін — қарамасаң әліне.
Мен бәрінді күзетем,
Талқандаймын,
Түзетем.
Тазартамын тәнің менен жанынды,
Тазартамын аспаның мен жерінді.
Есуаспын, өзімді өзім таныман,
Сәл танысам,— қасіреттен жарылам!

Боларама¹ соқасымын —
Жердің үстін жайпаған.
Поршурама² балтасымын —
Әмір кұрам кайтадан.

Мен — бұлікші, мен дайынмын ұрыска,
Үйренбегем тыныштыққа, тыныска.
Мен күтемін — темір бұғау сынғанша!
Мен күтемін — көздің жасы тынғанша!

^{1, 2} Боларама, Поршурама — батырлар.

Оған дейін уақыт жоқ тынысқа,
Мен — бұлікші, мен дайынмын ұрысқа!

Мен — Бригу-бұлікші¹,
Менің ізім кеудесінде құдайдың!
Мен оның да басына бұлт торлатам!
Мен — Бригу-бұлікші,
Менің ізім кеудесінде құдайдың!
Ол кеудеге басқа жүрек орнатам!

Мен — әлемнің иесі бол жарадым,
Мен мәңгілік құдіретпін!
Адаммың!

¹ Бригу — азыз қаһарманы.

МЕНИЦ ҰРАНЫМ

Елікпен жалған елеске,
Елімді жырлар ақынмын.
Ақын де,
 акын емес де,
Бәріне төзіп жатырмын.
«Болашақ Тагор — өзің!» деп
Жел сөзбен желліп тастайды,
Жырымды көрген кезінде
Жабылып, сыза бастайды.

Біреулер —

 мылжың, даракы,
Айғайышыл ақын — бұл,— дейді.
Біреулер —
 барлық талантын
Эйелі күртүп жур,— дейді.

Біреулер —
біткен, шын,— дейді.
Тимейді колы картадан...
Ақын-ақ едің түрмеде,
Түрмеге бар сен қайтадан.

Хат жазса болды,
кінәлап,
Әйелім де әбден жерлейді.
Үнділер көрсе,
тұра қап,
Тағысың әлі сен,— дейді.
Мұсылман біткен
қайда да
Сөгеді мені — кәпір деп,
Шайқайды басын молдалар
Атама соның атын,— деп.

Еркектер көзбен атады:
«Әйелқұмар сорлы» деп,
Әйелдер шулап жатады:
«Жоламай бізге койды» деп.
Жазады журнал дүрлігіп,
«Назрул идан... жалған,— деп,—

Шетелге шықпай бір рет
Жаңашыл бола қалған» деп.

Жетті ғой, достар!
Бір шама

Шыдадым үнсіз отырып,
Жанымыз қазір курсауда,
Жырымыз кілең өтірік,
Жазар ем —

төніп тәбемнен
Ағылшын андып тұрған шак,
Жанады жаным өлеңнен,
Кұрсаудан шығар күнді аңсал.

Айтамын саясатшыға:
«Келді енді сенің кезің де.
Халықтың мынау каксыған,
Көз жасын күргат сөзіңмен.
Кимылда, жарты көсемім,
Көсем бол тіпті жатып-ак,
Әнінді сал да, бөсе бер,
Калтанды толтыр акымак!»

Ұрсады анам: «Масқара!
Еркіндік көлер, тиіспел!»

Керегі — мынау аштарға
Еркіндік пе, әлде күріш пе?
Тындашы даусын
айғайлап,
Өзегі талған баланың.
Соларды көрсем —
кан қайнап,
Кетеді көрмей жанарым!

Еркесі жер мен аспанның —
Мырзалар, серуен құрындар.
Аузынан анау аштардың
Калғаны болса, жырыңдар!
Аналар қаңып,
ашыққан
Сұрайды қайыр сендерден.
Ал, анау кара лашықта
Көмүсіз жатыр өлгендер.

Достарым!
Айтқым келмейді,
Өртейді бір от жанымды.
Әмірден естіп, көргенім
Улады менің қанымды.
Маламын қанға қаламды,

Қаныммен жазам өлеңді,
Бақытты-ақ айтсын бар әнді,
Тоқтадым!
Біттім мен енді!

Корықлан эсте өлімнен,
Күн шықты міне, көгімде.
Ертерек кетсем өмірден —
Достарым қалар менін де.
Жалғыз-ақ мұны жанымның,
Жалғыз-ақ енді тілегім,—
Жырларым
ата жауымның
Күйдірсе болды жүрегін!